

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 41-1 Қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 222 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 222 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 37, 495-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Электр энергетикасы қондырғылары объектілерін қайта жаңарту мен кеңейту үшін қосымша қуаттарды қосу және шығындарды өтеу ережесінде:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Меншік нысанына қарамастан, тұрғын үй салушылардан қосымша қуаттарды қосқаны, сондай-ақ энергия беруші ұйымның энергия тасымалдау желілерін дамыту мен қайта жаңартуға байланысты шығындары үшін төлем алынбайды және осы шығындар жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*